

## Дене шынықтыру – сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін бекіту туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 5 қарашадағы № 314 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 желтоқсанда № 6046 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына сәйкес Федоров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес б е к і т і л с і н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары З.А. Байменоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Ахметов

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 5 жы л ғ ы 5 қ а р а ш а д а ғ ы

№ 314 қаулысымен бекітілген

## Дене шынықтыру–сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі

№	Азаматтар саны	Жеңілдіктер мөлшері
1	7 жасқа дейінгі балалар	тегін
2	Көп балалы отбасыларынан оқушы-балалар	тегін
3	Балалар үйлерінен оқушы-балалар	тегін
4	Спорт ардагерлері	тегін
5	Оқушылар	тегін
6	Студенттер	тегін
7	Зейнеткерлер	тегін

*\*Ескертпе: Осы тізбе мемлекеттік дене шынықтыру–сауықтыру және спорт құрылыстарына қолданады.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК